

Білім беру саласы: Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Ұйымдасырылған ашық оқу қызметінің тақырыбы: « Ұстаз » - ұлы тұлға!

Ұйымдасырылған ашық оқу қызметінің мақсаты: Өз ойларын жеткізе білуге баулу, тақпақ өлеңдерді мәнерлеп оқу арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру. Балалардың тілдік, сөздік қорын байыту.

Көрнекілігі: Шарлар, суреттер

Оқу қызметінің түрлері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Сәлемдесу Тәрбиеші балалармен қосылып Әнұран айтады	Сәлемдеседі Оң қолдарын жүрек тұсына қойып Әнұран айтады
Ұйымдастырушылық қозғаушылық	Ұстаздар күніне арналған ұйымдастырылған ашық оқу қызметімізді бастайық. Ұстаздарға төл мерекелеріңіз құтты болсын, көңілдеріңіз ашық аспан сияқты таза болсын. Ертеңгі ел басқарған азаматтар сіздердің алған білімдеріңіздің арқаларыңызда болсын. Балалардың тақпақтары:	Көзайым: Құтты болсын ұстазым Келіп жеткен мерекең Ұстаздар күнінде Ән жырыммен тербетем. Ақназар: Менің атым Ақназар Ұстазымның шәкірті Ұстазым маған айтады Сен баласың тәртіпті. Абылай: Ең аяулы есім ғой Ұстаз деген Бар тіршілік бақытты ұстазбенен Ұстазды жеткізгенше мұратына Білім іздеп лапылдап жана берем. Камила: Алғаш рет оятқансың санамды Алғаш рет ұстатқансың қаламды Сол үшінде мәңгіге сыйлап өтем Түсіндірген жақсыменен жаманды Көркемай:

	Ұстаз деген кімдерге сабақ берген!? Әншігеде, жыршығада, жүргізуші, доктрға, президент бишігеде сабақ берген. Әрбір маман иесі осы Ұлы ұстаздың алдынан өткен қане тағы кімдер тақпақ айтады.	Білімнің кәусар бұлағын Жүресің құйып санама Біз үшін сенсіз мұғалім Ұстазда, ғалым данада. Даяна: Ұстазым менің ұстазым Анашыма ұқсалың Күлімсіреп қарап көзім Қағаз қалам ұстаттың. Ерасыл: Әліппені ашқызып Әріптерді үйреттің Қалам алып қолыма Жазудыда үйретің. Әсел: Жақсы оқып ұғындар Деп бізге жөн сілтедің Рақмет саған ұстазым Ұстазым менің ұстазым. Айя: Қолыма қалам ұстатып Білім берген ұстазым А-мен Б-ны үйретіп Сусындатқан ұстазым Асылым: 2-ден 1-ді айырып Есептеткен ұстазым Алғыс айтам шексіз мен Алғашқы асыл ұстазым. Айкөркем: Аяулы менің ұстазым Талабымды әркез ұштадың Адалдықты үйретіп Адамдық жолды нұсқадың Нұрым: Келгенімде алдыңа Қызыл жасыл гүл алып Жақын тарттың жаныңа Шәкіртім деп қуанып. Арай: Құтты болсын мерекең Білім берер ұстазым Өзіңменен өтуде
--	---	--

	Сергіту сәті: Оң қолымда білезік Сол қолымда білезік Саусағымда сақина Санап көрші қанекей 1,2,3. 1,2,3 Демаламыз жинап күш. М-мейірімді Ұ – Ұлағатты Ғ – ғазиз А – ақылшы Л – лайықты І – іскер М – маман Құрметті қонақтар сіздер салып кеткен сара жол ұстаз жолы ұлы	Балдай тәтті қыс жазым. Саян: Құттықтаймын ұстаздар Мерекеңмен кеп жеткен Қуанышың көп болсын Шаттығымен тербеткен Төре: Ұстазым менің аяулым Құтты болсын мерекең Мерекеде шаттана Арта берсін берекең Жанбота: Ұстаздардың күнінде Қуаныштар орнасын Әр жыл сайын мерекең Таба берсін жалғасын Нұрикамал: Мұғаліміз айналды Анамызға екінші Біз оқысақ сабақты Анамыздай қуанып Қояды бес бағасын. Дамир: Өмірдің ұғып тереңін Өркен жайған қауымым Қабыл ал жүрек сәлемін Құлақта сенің әр үнің. Нұртөре: Ұстаз ана болды ол Әрқашанда біздерге Бар балаға берді ол Қуанышпен өнеге. Мерекелеріңіз құтты болсын!
--	--	--

	жол өткен жолдарыңызға көз жіберіп еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер. 1-сұрақ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауыменбе, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немесе бір жағдай болды ма? 2-сұрақ:» Ұстаз болу жүректің батырлығы » дейді. Осы ұстаздық қызметті таңдауға батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылу керек деп ойлайсыз? 3-сұрақ: Алғашқы сіз келген балабақшадан қазіргі балабақшаның айырмашылығы? Балабақша қызметкерлеріне айтар тілегіңіз? 4-сұрақ: Сіздің әдіскер болуыңызға кім себепкер болды? Бала кездегі арманыңызба? Көрініс. Ұстаздар күніне арналған ашық оқу қызметіміз осымен аяқталды. Алтындай уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге РАҚМЕТ!	
--	---	--